

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының материалдары
2018 жылғы 22 мамыр**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – АЖЖЖ) Қоғамның директорлар кеңесінің (бұдан әрі – директорлар кеңесі) 2018 жылғы 20 ақпандағы шешіміне сәйкес шақырылды. АЖЖЖ 2018 жылғы 22 мамырда, 10 сағат 00 минутта Астана қаласында мынадай күн тәртібімен Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы (Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері) 3-қабат, акті залында шақырылды:

- 1) 2017 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту;
- 2) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылық акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту;
- 4) 2017 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) 2017 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасы мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
- 6) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 7) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу;
- 8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- 9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшерін және шарттарын белгілеу.

АЖЖЖ қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты – 2018 жылдың 22 мамыры, 09 сағат 00 минут (Астана уақыты бойынша).

АЖЖЖ қатысушыларын тіркеуді аяқтау уақыты – 2018 жылдың 22 мамыр, 09 сағат 45 минут (Астана уақыты бойынша).

Кворум болмаған жағдайда АЖЖЖ осы мекенжайда осындай күн тәртібімен тағы да 2018 жылдың 23 мамырында, 10 сағат 00 минутта (Астана уақыты бойынша) өткізілетін болады.

1. 2017 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту

Қоғам Жарғысының 103-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі мен Қоғамның жылдық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

«Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлары Қоғамның 2017 жылғы шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудитін жүргізді.

Қоғам Жарғысының 108-тармағының 5) тармақшасына, сондай-ақ Қоғамның Аудит жөніндегі комитеті туралы ережесіне сәйкес бұл қаржы есептілік Қоғамның директорлар кеңесімен және Аудит жөніндегі комитетімен 2018 жылғы 20 ақпанда қаралды және алдын ала бекітілді. Қоғамның шоғырландырылған қаржы есептілігі өзіне:

- Тәуелсіз аудиторлардың есебін;
- Қаржы жағдайы жөніндегі шоғырландырылған есепті;
- Жиынтық пайда туралы шоғырландырылған есепті;
- Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті;
- Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті;
- Жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулерді қамтиды.

Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі мен аудиторлық есебін www.kmger.kz адресіндегі корпоративтік веб-сайтта көруге болады, сондай-ақ акционерлердің сұрауы бойынша беріледі.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Қоса берілген Қоғамның 2017 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылық акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 44-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 74-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын қамтуы тиіс. Қоғам Жарғысының 37-тармағына сәйкес дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен кейін 10 күнтізбелік күннен бұрын белгіленбейді. Дивидендтер төлеуді бастау дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін күнтізбелік 30 күннен кейінгі күні белгіленеді.

2018 жылғы 10 сәуірдегі мәжілісте Қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекітуді ұсынды.

Жоғарыда баяндалғанды және Қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына жасаған ұсынысты ескере отырып, Қоғамның 2017 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшерін бекіту ұсынылады:

1) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 0 (нөл) теңге сомасын құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) құрайды;

3) 2017 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы тиісті акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

4) дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2018 жылдың 1 маусымы, 00 сағат 00 минут;

5) дивидендтер төлеуді бастау күні – 2018 жылдың 2 шілдесі;

6) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтер алу құқығы бара акционерлердің тізімі бойынша.

Акционерлер шешімінің жобасы:

1. Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17; банк деректемелері: БСН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZZKX, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, Астана өңірлік филиалы) 2017 ж. таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі және оның бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері бекітілсін:

1) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 0 (нөл) теңге сомасында белгіленсін;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасында (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) белгіленсін;

3) 2017 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы осындай акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

4) дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2018 жылдың 1 маусымы, 00 сағат 00 минут;

5) дивидендтер төлеуді бастау күні – 2018 жылдың 2 шілдесі;

6) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтер алу құқығы бара акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту

Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес, сондай-ақ Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Листингтік агенттігінің ашу және анықтылық қағидаларының (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) талаптарына сәйкес келу және Қоғамның Қоғам Корпоративтік басқару кодексінде ұсынылған корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы мақсатында Қоғам басқармасы Қоғамның жылдық есебін дайындайды, Қоғамның директорлар кеңесі оны мақұлдап, акционерлердің жалпы жиналысының қарауына береді.

Қоғам Жарғысының 103-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Акционерлердің назарына Қоғамның 2017 жылғы жылдық есебі ұсынылды, оның негізгі бөлімдері мыналарды қамтиды:

- Осы есеп туралы
- Қызметтің негізгі көрсеткіштері
- Негізгі оқиғалар
- Бизнес туралы
- Акциялардың бағаларын белгілеу
- Қазақстан туралы
- Қазақстанның мұнай-газ саласы туралы
- Бизнес-модель
- Директорлар кеңесі төрағасының сөзі
- ҚМГ БӨ-нің жария компания ретіндегі тарихына шолу
- Миноритарлық үлесті сатып алу және делистинг туралы
- ҚМГ БӨ Бас директорының сөзі
- Жылдың негізгі оқиғалары
- Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер
- Нарыққа шолу
- Операциялық қызметке шолу
- Күрделі шығындар
- Қаржылық қызметке шолу
- Салық салу
- Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияның қызметіне шолу
- Капиталдың өтімділігі мен ресурстары
- Тәуекел факторлары
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
- Корпоративтік басқару
- Директорлардың жауаптылығы туралы арыз
- Аудиттелген қаржылық есептілік
- Акционерлерге арналған ақпарат
- Байланыс деректері

Қоғамның директорлар кеңесі туралы ереженің 9-тарауының 9.1-тармақшасына сәйкес, директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына директорлар кеңесі мен басқарма олар бойынша шешімдер қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынуы қажет.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2017 жылғы 23 мамырдағы шешімімен директорлар кеңесінің (бұдан әрі - ДК) сандық құрамы белгіленді – 8 адам 2017 жылғы 23 мамырдан бастап 2018 жылғы 23 мамырға дейінгі өкілеттік мерзімі белгіленген.

2017 жылғы 23 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қортындылары бойынша ДК-ның мынадай жеке құрамы сайланды:

1. Гончаров Игорь Валерьевич – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
2. Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
3. Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
4. Густаве ван Меербеке – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
5. Есқазиев Құрменғазы Орынғазыұлы – Компанияның бас директоры (басқарма төрағасы).

6. Филип Дэйер – тәуелсіз директор.
7. Аластэр Фергюсон – тәуелсіз директор.
8. Фрэнсис Соммер – тәуелсіз директор.

2017 жылғы 19 қыркүйекте ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Қарабаев Дәурен сайланды.

2017 жылғы 19 қазандағы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қортындылары бойынша Компанияның ДК мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген өкілеттік мерзімімен Компанияның ДК мүшесі етіп Карпушин Олег Вячеславовичті (акционер – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ өкілі ретінде) сайлау шешімі қабылданды.

2017 жыл ішінде ДК 38 мәжіліс өткізді, оның 10-ы қатысып отыратын және 28-і сырттай қатысу түрінде.

Жыл ішінде ДК басқасымен қатар, мынадай мәселелерді қарады:

- Компанияның бюджеттері мен бизнес-жоспарын бекіту;
- Геологиялық барлау мәселелері;
- Қоршаған ортаны, денсаулық қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері;
- Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына өзгерістер енгізу мәселелері;
- Компанияның мүдделілік бар мәмілелерді мақұлдауы («Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мәмілелері, неғұрлым егжейді-тегжейлі ақапарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте және «Қаржылық жағдай мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелерін талдау» есептілігінде келтірілген);
- Акцияларының 10 және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Компанияға тиесілі заңды тұлғалардың қызметі мәселелері;
- Процессинг схемасы бойынша мұнайды ішкі нарыққа сату;
- Компанияның басқармасы туралы мәселелер, басқарма мүшелерінің қызметтік жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- 2016 жылғы шоғырландырылған есептілікті алдын ала бекіту;
- 2016 жылдың қортындылары бойынша дивидендтердің мөлшері бойынша ұсыныстар енгізу;
- Ішкі аудит қызметінің жоспарлары мен есептерін, ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындаудың барысын қарау;
- Компанияның ҚНҚ;
- Компанияның банктік лимиті;
- Тәуекелдерді басқару;
- Компанияның мұнай сервистік активтерін дамыту.

2017 жылы ДК мынадай құжаттарды қарады:

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жөніндегі саясаты;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің тағайындаулар жөніндегі комитеті туралы ереженің жаңа редакциясы;
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның Корпоративтік әдептілік кодексіне өзгерістер және толықтырулар.

2017 жылы Компанияның акциялары оның негізгі активі болып табылатын қазақтандық және/немесе шетелдік қор биржаларында орналастырылған акциялар мен/немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алумен, қайта сатып алумен және/немесе делистингімен байланысты мәселелер жөніндегі қызметті ДК жанындағы Тәуелсіз комитет іске асырды. Тәуелсіз комитеттің құрамына тек Компанияның Тәуелсіз директорлары: Филип Дэйер, Фрэнсис Соммер және Аластэр Фергюсон ғана кіреді. Компанияның ДК жанындағы Тәуелсіз комитеті туралы ережеге сәйкес, HSBC, Rothschild's компаниясынан Компанияның акциялары оның негізгі активі болып табылатын қазақтандық және/немесе шетелдік қор биржаларында орналастырылған акциялар мен/немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алумен, қайта сатып алумен және/немесе делистингімен байланысты консультациялық қызметтер сатып алынды.

Қоғамның директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, сыйақылар жөніндегі, тағайындаулар және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің жұмысы олар туралы ережелерге сәйкес жүргізілді.

Қоғам Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты іске асыратын атқарушы орган болып табылады.

2017 жылғы 28 маусымнан бастап Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің негізінде басқарманың құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- Басқарма мүшелері: Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы мен Елеусінов Қайырбек Сағынбайұлының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату шешімі қабылданды.
- Қоғамның қызметкерлері: Нұрғалиев Қуанышбай Жаумытбайұлы мен Найзабеков Бекмұрат Толбайұлын жалпы өкілеттік мерзімімен басқарманың мүшелері етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

2017 жылы Басқарма ұдайы негізде және қажетіне қарай 31 мәжіліс өткізді. 2017 жыл ішінде басқарма Қоғамның операциялық қызметіне жататын және ішкі процедураларды, басқарулық тәуекел мәселелерін, сондай-ақ ішкі бизнес процестерді, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарларын бекітуді реттейтін және белгілейтін ережелерді, нормаларды реттейтін неғұрлым маңызды мәселелерді қарады.

Қоғамның 2017 жылғы жылдық есебі www.kmger.kz адресіндегі корпоративтік веб-сайтта орналастырылған, сондай-ақ ол акционерлердің сұрауы бойынша ұсынылады.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Қоса берілген Қоғамның 2017 жылғы жылдық есебі және директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп бекітілсін.

4. 2017 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат

АҚ туралы заңның 35-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

2017 жылы Қоғамның акционерлері – артықшылықты акцияларын ұстаушылардан мынадай арыздар келіп түсті:

2017 жылғы 4 желтоқсанда Қоғам өзі шығарған барлық ЖДҚ-ны бір ЖДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары бағасы бойынша қайта сатып алу жөніндегі тендерлік ұсынысты іске асыру ниеті туралы жариялады. Мұндай жариялаудан кейін, 2017 жылғы 5 желтоқсанда ҚМГ БӨ-нің артықшылықты акцияларын ұстаушы – миноритарлық акционерлерден арыз келіп түсті, мұнда олар артықшылықты акциялардың келешегіне қатысты алаңдаушылық білдіріп, «артықшылықты акцияларды жай акциялардың немесе сол сияқты GDR-дың болжалды қайта сатып алу күніне дейінгі 30 күн ішінде қалыптасқан орташа бағадан төмен емес баға бойынша немесе қайта сатып алу күніне қалыптасқан қайта сатып алынатын акцияның баланстық құны бойынша қайта сатып алу мүмкіндігін қарауды» ұсынды.

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қоғам акционерлерге жауаптың жобасы бар хатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға кейін Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының атынан ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 53 бабының 2-тармағына сәйкес қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды қайта сатып алу мен оның бағасы туралы шешім қабылдау директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататыны туралы түсіндірмесі бар ресми жауап жолдануы үшін жіберді. Хатта, сондай-ақ, ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 желтоқсанда ҚМГ БӨ-нің барлық шығарылған ауқымды депозитарлық қолхаттарын қайта сатып алу жөніндегі шартты түрдегі тендерлік ұсынысты іске асыруды мақұлдағаны да атап өтілген, оған сәйкес ҚМГ БӨ Қазақстанның қор биржасынан артықшылықты акцияларды қайта сатып алуды және делистингін жүргізуге ниеті жоқ.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

5. 2017 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат

АҚ туралы заңның 35-бабының 2-тармағына және Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлеріне Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қоғам») директорлар кеңесі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сегіз адамнан тұрады:

Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы, директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы, Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы)

Густаве ван Меербеке, мұнай-газ мәселелері жөніндегі тәуелсіз консультант, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі;

Карпушин Олег Вячеславович, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіру, барлау және мұнай сервисі жөніндегі атқарушы вице-президенті;

Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті;

Дэйер Филип, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің аудит және тағайындаулар жөніндегі комитетінің төрағасы;

Соммер Фрэнсис, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы

Фергюсон Аластер, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы.

2017 жылы директорлар кеңесінің сегіз мүшесінің Қоғамның директорлар кеңесінің үш тәуелсіз директоры ғана Қоғамның директорлар кеңесіндегі жұмыс үшін сыйақы алды. 2017 жылы Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының есептелген сыйақының жалпы сомасы 377 908 мың теңге (оның ішінде ЖТС сомалары 10% мөлшерлеме бойынша) болды, оның ішінде: Филип Дэйер – 142 214 мың теңге, Эдвард Уолш – 33 639 мың теңге, Аластер Фергюсон – 127 357 мың теңге, Фрэнсис Соммер – 74 698 мың теңге.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары 2017 жылғы 23 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында және 2017 жылғы 19 қазанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында белгіленді. Сыйақы жылдық сыйақыдан, директорлар кеңесінің іштей отырыстарына қатысу үшін сыйақыдан, директорлар кеңесінің отырыстарына телефон және бейнеконференц-байланыс бойынша қатысу үшін сыйақыдан, директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің отырыстарға қатысу үшін сыйақыдан, Қоғамның директорлар кеңесінің аудит комитеті, сыйақы комитеті мен стратегиялық жоспарлау комитеті төрағасының міндеттерін орындау үшін сыйақыдан тұрады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сыйақы алмайды, бірақ олардың директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстардың өтелуіне құқығы бар.

Қоғам басқармасы мүшелері сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Қаржы есептілігінің депозитарийінде және Қоғамның Жылдық есебінде орналастырады.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

6. Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Жарғысының 114-тармағына сәйкес директорлар кеңесі мүшелерінің саны (бос орындар болмаған жағдайда), оның ішінде тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса есептегенде, кемінде 8 (сегіз) болуы тиіс.

Қоғамның директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:

Акционерлер шешімінің жобасы:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленсін.

7. Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармағына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:

Акционерлер шешімінің жобасы:

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі – 1 (бір) жыл болып белгіленсін (2018 жылғы 22 мамырдан бастап 2019 жылдың 22 мамырын қоса есептегенде).

8. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармағына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

АЖЖЖ өткізу туралы хабарлама 2018 жылғы 6 сәуірде «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланды (Қоғам Жарғысының 10.16-тармағына сәйкес). «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы 2007 жылғы 30 қазанда бекіткен) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер акционерлерге күн тәртібіне директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қосылған акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарланған күннен бастап 15 күн ішінде директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныстар енгізе алады. Директорлар кеңесі директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ұсыныстарды акционерлердің танысуы үшін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды дайындау аяқталатын күнінен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда жиналысты өткізу күніне дейін 10 (он) күн бұрын енгізе алады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 11 мамырдағы шешіміне (№15 хаттама) сәйкес, Қоғамның директорлар кеңесінің Тағайындаулар жөніндегі комитетінің ұсыныстары мен ұсынымдары ескеріле отырып, мынадай кандидатуралар директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылды және мақұлданды:

- | | | | |
|---|------------------------------------|----------|--|
| 1 | Есқазиев
Құрманғазы Орынғазыұлы | - | Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) |
| 2 | Қуандықов
Мұханұлы | Балтабек | - тәуелсіз директор ретінде |
| 3 | Ертілесова
Жүрғалиқызы | Жаннат | - тәуелсіз директор ретінде |
| 4 | Жолтаев Герой
Жолтайұлы | | - тәуелсіз директор ретінде |
| 5 | Карпушин
Вячеславович | Олег | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 6 | Қарабаев
Дәурен Сапаралыұлы | | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 7 | Мұқышов
Ардақ Жұмағұлұлы | | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 8 | Сырғабекова
Нарыманқызы | Әсия | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |

(Жоғарыда аталған кандидаттар туралы ақпарат қоса беріліп отыр)

Бұған қоса, Қоғамға бір акционерден Қоғамның директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті:

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-дан Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде мына кандидатуралар ұсынылды:

- | | | | |
|---|------------------------------------|----------|--|
| 1 | Есқазиев
Құрманғазы Орынғазыұлы | - | Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) |
| 2 | Қуандықов
Мұханұлы | Балтабек | - тәуелсіз директор ретінде |
| 3 | Ертілесова
Жұрғалиқызы | Жаннат | - тәуелсіз директор ретінде |
| 4 | Жолтаев Герой
Жолтайұлы | | - тәуелсіз директор ретінде |
| 5 | Карпушин
Вячеславович | Олег | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 6 | Қарабаев
Дәурен Сапаралыұлы | | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 7 | Мұқышов
Ардақ Жұмағұлұлы | | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |
| 8 | Сырғабекова
Нарыманқызы | Әсия | - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілі ретінде; |

ҚМГ ҰК-ден, кандидаттар туралы егжей-тегжейлі ақпарат (АҚ туралы заңның 44 бабының 2-тармағының, Қоғам Жарғысының 73 және 115-тармақтарының талаптары және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің талаптары мен Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын белгілеу критерийлері ескеріліп) қоса беріліп отыр.

9. Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшерін және шарттарын белгілеу

Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 11 мамырдағы шешіміне (№15 хаттама) сәйкес, Қоғамның директорлар кеңесінің Сыйақы жөніндегі комитетінің ұсыныстары мен ұсынымдары ескеріле отырып, мынадай сыйақы төлеу шарттары ұсынылды.

Акционерлер шешімінің жобасы:

1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап оларға сыйақы берудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

Қоғамның әр тәуелсіз директорына 2 000 000 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығы мен міндетті зейнеткерлік жарналар есептелместен).

2. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілейтін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ішкі құжаты бекітілгенге дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін олардың шығыстарын өтеудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін олармен жасалынатын шарттардың талаптарына сәйкес белгіленеді;

2) директорлар кеңесінің қалған мүшелері үшін директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне байланысты мынадай шығыстар:

- тұрғын үй жалдау бойынша – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;

- мәжіліс/кездесу орнына бару және өзінің тұрақты жұмыс орнына/тұрғылықты тұратын жеріне қайтып келу - бизнес – класс тарифі бойынша;

- әуежайдан/вокзалдан және әуежайға/вокзалға және отельден/отельге трансфер–іс жүзіндегі шығыстар бойынша;

- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияларды, конференц-коллдарды пайдалану – іс жүзіндегі шығыстар бойынша.

Өтемақы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ға шығыстарды растайтын құжаттар берілген жағдайда төленеді.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда аталған талаптарда Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға қол қою уәкілеттік берілсін.

Шешімдердің аяқталуы.

Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекенжайында, 507-кабинетте, 9 сағат 00 минуттан бастап 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның www.kmgcp.kz веб-сайтында алуыңызға болады.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы
1965ж.11.05
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының бас директоры (басқарма төрағасы)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: жоқ (2018 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Мұнай және газ геологиясы, Тау-кен инженер-геологы, 1993;
Томск политехникалық университеті, Геологиялық-минералогиялық ғылымдар кандидаты, 2006.
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдар туралы мәліметтер:

2015 жылғы қыркүйектен бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, бас директор (басқарма төрағасы)

2015 жылғы қаңтар – 2015 жылғы қыркүйек – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы, бас директор (басқарма төрағасы)

2013 жылғы желтоқсан – 2015 жылғы қаңтар – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, геология жөніндегі басқарушы директор – бас геолог

2013 жылғы қараша – 2013 жылғы желтоқсан – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, операциялық емес өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директор

2012 жылғы ақпан – 2013 жылғы қараша – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Басқарма төрағасының геология және перспективалық жобалар жөніндегі орынбасары

2010 жылғы маусым – 2012 жылғы ақпан – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Бас геолог

2008 жылғы ақпан – 2010 жылғы маусым – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор

7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады

8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:

Келісті

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)

Қ. Есқазиев

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Қуандықов Балтабек Мұханұлы
1948ж.21.08
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
1971ж. В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Алма-Ата, Қазақ КСР, Мұнай факультеті, мамандығы: мұнайшы-геолог
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: үлестес емес
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдар туралы мәліметтер:

2006 жылғы ақпаннан бастап, осы уақытқа дейін жеке компания – «Меридиан Петролеум» ЖШС-да компания президентінің лауазымында жұмыс істеп жатыр, Алматы қ., Қазақстан
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: жоқ
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: соттылығы жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:
Келісті

Б. Қуандықов

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы, 1956ж.т.
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1974-1978 жж., математик.
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер:
«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
«Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдар туралы мәліметтер:

2005 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығының Басқарушы кеңесінің төрайымы

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы кеңесінің төрайымы

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – «Қазақстандық бәсекелестікті бағалау және дамыту институты» ЖШС бас экономисі

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің мүшесі

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті басқармасының мүшесі

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – «Экономикалық зерттеу институты» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – «Медициналық сақтандыру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

2016 жылдан бастап, осы уақытқа дейін – «Халық шаруашылығы университеті» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер:
«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
«Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: соттылығы жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:
Келісті

Ж. Ертілесова

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Жолтаев Герой, 1940ж.28.09
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институт, 1962. Геология және мұнай мен газ кен орындарын барлау, тау-кен инженер-геологы
Морис Торез атындағы Мәскеу шет тілдері институты
М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік институты
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: Жоқ
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдар туралы мәліметтер:

2017 жылғы 3 қаңтардан бастап, осы уақытқа дейін – Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының директоры

2014ж.01.09-2017ж.06.06 - Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының мұнай және газ геологиясы кафедрасының меңгерушісі
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: Жоқ
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:
Келісті

**Қ.И.Сәтбаев атындағы
Геология ғылымдары институтының
директоры**

Г. Жолтаев

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Карпушин Олег Вячеславович, 08.04.1968.
- 2) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі.
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
(2018 жылғы 1 сәуір жағдай бойынша).
- 4) Білімі туралы мәлімет:
1985-1993 жылдар – Мемлекеттік мұнай және газ академиясы, ГГГиГ, өнеркәсіптік геология кафедрасы. Тау-кен инженер-геологы, ШВ №247533 (РФ, Мәскеу қ.).
2012-2013 жылдар - Дьюк университеті, Фьюкуа Бизнес мектебі. Іскерлік Әкімшілдеу шебері (МВА) (АҚШ, Солтүстік Каролина, Дурхам қ.).
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидаттың соңғы үш жылда жасаған жұмыс орындары, атқарған қызметтері, сондай-ақ соңғы бес жылдың ішінде басқа да заңды тұлғалардың басқару органдарындағы лауазымдары туралы мәліметтер:

Маусым, 2017 – осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндіру, барлау және мұнай сервисі жөніндегі атқарушы вице-президенті.

Қыркүйек, 2015 – Қаңтар, 2017 – Басқарма төрағасының орынбасары – өндіріс жөніндегі директор, «НОВАТЭК» КАҚ.

Шілде, 2015 – Қыркүйек, 2015 – Аға кеңесші, Shell International exploration and Production B.V.

Сәуір, 2015 – Шілде, 2015 – Стратегиялық жоспарлау жөніндегі кеңесші, Shell Exploration and Production Services B.V.

Сәуір, 2013 – Сәуір, 2015 – Бас директор, «Салым Петролеум Девелопмент Н.В.» компаниясы.

- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады
- 8) Мерзімі өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен шешілмеген сотталу туралы мәліметтер: Жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер: Келіседі.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіру,
барлау және мұнай сервисі жөніндегі
атқарушы вице-президенті**

О. Карпушин

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы
1978ж.11.06
- 2) «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
(2018 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
Экономист, мамандығы «Халықаралық экономикалық қатынастар», Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясы (1999 жыл)
Экономист, мамандығы «Қаржы саласындағы ғылымдар магистрі», Техас Университеті &M Lowry Mays бизнес мектебі (2001 жыл)
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдар туралы мәліметтер:

2016 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ атқарушы вице-президенті – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ қаржы директоры;
2007 ж. наурыз - 2016 ж. маусым – Қазақстанның Халық банкі АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары;
2003 - 2004 жж. – Қазақстан Банкі АМРО АБН АҚ кредиттік басқармасының бастығы.
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:
Келісті

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
атқарушы вице-президенті
- қаржы директоры**

Д. Қарабаев

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы
1978ж.04.03
- 2) «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
(2018 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
Заңгер, мамандығы «Құқық және құқықтық білім әдістемесі», Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия университеті (1998 жыл)
Экономист, мамандығы «Экономика», Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық
университеті (2007 жыл)
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер:
Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы
болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ
кандидат соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған
лауазымдар туралы мәліметтер:

2017 ж. қаңтардан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті;

2014 ж. тамыз – 2017 ж. қаңтар – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ халықаралық
келісімшарттар департаментінің директоры;

2014 ж. қаңтар – 2014 ж. тамыз – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасы
төрағасының кеңесшісі;

2010-2013 жж. – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің заң қызметі
департаментінің директоры;

2003-2010 жж. – Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің заң қызметі бөлімінің бас маманы, бастығы, басқармасының бастығы,
департаменті директорының орынбасары;

2000-2003 жж. – Астана қ. ҚПД ішкі істер органдарында жұмыс істеді.

2014 ж. мамырдан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар
кеңесі мүшесі;

2016 ж. сәуірден бастап осы уақытқа дейін – «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар
кеңесінің мүшесі.

- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғалары мен контрагенттерімен қатынастары туралы
мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе күші жойылмаған соттылықтың бар-
жоғы туралы мәліметтер: Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер:
Келісті

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
құқықтық қамтамасыз ету
жөніндегі вице-президенті**

А. Мұқышов

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Сырғабекова Әсия Нарыманқызы
22.06.1960
- 2) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
Жоқ (2018 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: экономист (1982 жыл)
Мәскеудің қаржы институты: экономика ғылымдарының кандидаты (1987 жыл)
- 5) Қоғамға аффилирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымдық тұлғасы және аффилирлендірілген тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:

2016 жылғы желтоқсаннан бастап «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Стратегия жөніндегі вице-президенті

2013 жылғы қарашадан бастап 2016 жылғы желтоқсанға дейін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Инвестициялар мен тәуекелдерді басқару жөніндегі басқарушы директоры

2009 жылғы маусымнан бастап 2013 жылғы қарашаға дейін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Қаржылық директоры

- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилирленген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қарым-қатынастары туралы мәлімет:
Қоғамға қатысты аффилирленген тұлға болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет:
Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынылуға келісетіндігі туралы мәлімет:
Келісті

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның
стратегия жөніндегі вице-президенті**

Ә. Сырғабекова